

Өлшеу бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі түпкі ұйымдардың стандарттық үлгі туралы бірыңғай қағидасы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті 1996 жылғы 26 қыркүйектегі 36 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 сәуірде N 277 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 561 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.07.2016 № 561 бұйрығымен.

1. Қолдану саласы

Осы ереже стандартты үлгі түпкі ұйымдарына таралады және олардың негізгі әрекеттерінің бағытын, еркін және міндеттерін белгілейді.

2. Шартты белгілер және ықшамдалған түрлері

Стандартты үлгілер -СҮ

Стандартты үлгілердің бас орталығы- СҮБО

Мөлшерлі құжат - МҚ

Өндірістің стандартты үлгілері - ӨСҮ

Өлшем орындаудың әдісі - ӨӨӨ

3. Жалпы қағида

3.1. Қазақстан Республикасы Мемстандартының келісуімен стандартты үлгіні қолдану және өндіру, әзірлеу тәжірибелеріне сүйене отырып, мамандармен қамтамасыз етілген уақытта, техникалық негізін құрып, оның өндірістегі қажеттігін ескере отырып, түпкі ұйымдар министрлік, мекемелер жүйесі, мекемелер, қауымдастар, бірлестік, кәсіпорын бірлестіктері арқылы құралады.

3.2. Түпкі ұйымдар өзінше заңды тұлғалар немесе бір ұйымның қатарында
б о л у ы м ү м к і н .

3.3. Түпкі ұйымдарға бекітілген стандартты үлгілердің (СҮ) топталған тізбегі және стандартты үлгілерді (СҮ) өндіру, жаңа өңдеу бағытында құрылған ұйымды мамандандыруды ұйымның өзі анықтауға немесе сол ұйым бағынатын жоғарғы ұйымның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Мемстандартының келісімімен белгіленеді.

3.4. Түпкі ұйымдар тіркелуден өтуі тиісті. Тіркеу жұмысын Қазақстан Республикасының Мемстандарты орнатылған тәртіп бойынша жүргізеді.

3.5. Әдіскерлік басшылық және түпкі ұйымдардың қызметін үйлестіру жұмысын Қазақстан Республикасы Мемстандарты жүзеге асырады.

3.6. Түпкі ұйымдар өз жұмыстарын Қазақстан Республикасының заңдарын, стандарттық үлгіні халықаралық ереже белгілейтін мөлшерлі құжат (МҚ), стандарттау, метрология және сертификаттау бағытындағы мемлекет аралығындағы ережені белгілейтін мөлшерлі құжат (МҚ) және өзі бағынатын жоғарғы ұйымның мөлшерлі актісі белгілейтін құжаттарын басшылыққа алып а т қ а р а д ы .

3.7. Түпкі ұйымдар өзінің мамандалған бағытына қарай және топталған тізбегімен ғылыми-техникалық және ұйымдастыру-әдіскерлік жұмыстарымен әзірлеу, өндіру, қорытындылау және стандарттық үлгіні (СҮ) қолдануға б а с ш ы л ы қ е т е д і .

3.8. Түпкі ұйымдар стандартты үлгі (СҮ) өнімді өндіру, әзірлеу өндіріс мекемелерінің жұмыстарын үйлестіру мақсатында, өлшенетін зат пен нәрселердің, құрамы мен қасиетін керекті дәлділікті қамтамасыз ету үшін қ ұ р ы л а д ы .

3.9. Түпкі ұйымдар стандартты үлгі өнімдерін өндіру мен әзірлеу жұмыстарын жүргізу үшін, ол жұмыстарды орнатылған тәртіп бойынша жүргізу хұқығын беретін рұқсат қағазын (лицензия) алу керек.

3.10. Түпкі ұйымдар, осы бірыңғай қағиданы пайдалана отырып, жұмыс көлемі мен өзгешелігіне қарай өздерінің негізгі ұйым қағидасын жазып шығарады, оны стандартты үлгілердің бас орталығымен (СҮБО) келіскеннен соң өз б а с ш ы л а р ы б е к і т е д і .

4. Түпкі ұйымдардың негізгі мақсаты

4.1. Түпкі ұйымдардың негізгі мақсаттарына жататындары:

4.1.1. Стандартты үлгіні (СҮ) қолдана отырып, нәрсе мен заттардың құрамын және қасиетін метрологиялық өлшеммен қамтамасыз ету мақсатында өңдеу және іске асыру негізгі бағытын дамыту;

4.1.2. Бекітілген тізбек бойынша стандартты үлгіні (СҮ) жасау және қолдану жұмысында өндіріс пен ұйымдарға ғылыми-техникалық және

ұйымдастыру-әдіскерлік көмек көрсету;

4.1.3. Бекітілген тізбек бойынша стандартты үлгінің (СҮ) барлық санатын қорытындылау, дайындау және әзірлеу;

4.1.4. Стандартты үлгі (СҮ) жасауда бірыңғай саясат жүргізілуін бақылау;

4.1.5. Өндірісте ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және стандартты үлгіні (СҮ) мамандандыруына қарай қолдану.

5. Түпкі ұйымның негізгі қызметтері

5.1. Түпкі ұйымдарға қойылған негізгі мақсаттар бойынша кейінгі қызметтерді атқарады:

5.1.1. Күнделікті және келешекте қажетті стандартты үлгі (СҮ) мәліметтерін мамандандыруына қарай үйрену, талдау және жинақтап қорыту;

5.1.2. Өлшем орындаудың әдісі негізінде зат пен нәрсенің қасиетін, мамандандыруына қарай стандартты үлгінің (СҮ) керекті метрологиялық мінездемесін және тізбегін анықтайды;

5.1.3. Түпкі ұйымдардың күнделікті және болашақ жұмыстарына жоба жасауға ұсыныстар дайындайды;

5.1.4. Мамандандырылған бағытына қарай стандартты үлгіні өндіруге және қолдануға ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді;

5.1.5. Стандартты үлгінің (СҮ) барлық санатын енгізуді ұйымдастырады және стандартты үлгіні (СҮ) қолдануда қойылатын мөлшерлі құжатты (МҚ) қайта қарайды;

5.1.6. Мамандандырылған бағытына қарай, заттар және нәрселердің құрамы мен қасиетін анықтауды метрологиялық қамтамасыз ету үшін әдіскерлік және мөлшерлік құжаттарды (МҚ) жасауға қатысады және өңдейді;

5.1.7. Стандартты үлгіге (СҮ) қорытынды беру, зерттеу және өңдеу жұмыстарын іске асырады;

5.1.8. Стандартты үлгілердің бас орталығына (СҮБО) метрологиялық сараптауды өткізу үшін стандартты үлгілерді (СҮ) дайындау және қорытынды жасауға құжат қағаздарды қалыптасқан тәртіп бойынша ұсынады;

5.1.9. Стандартты үлгілерді (СҮ) қолдану арқылы өлшем орындаудың әдісін (ӨӨӨ) метрологиялық қорытындылау жұмысына қатынасады;

5.1.10. Өндірістік стандартты үлгілердің (ӨӨҮ) құжаттарын метрологиялық сараптаудан өткізеді;

5.1.11. Өндірістік стандарттық үлгілердің (ӨСР) техникалық тапсырмасын жасауға келісім жасайды;

5.1.12. Стандартты үлгілерді (СҮ) өңдеу, өндіру және қорытынды жасау үшін мөлшерлі құжаттың (МҚ) сақталуын стандартты үлгілерді (СҮ) дайындайтын

өндіріс пен ұйымның қызметіне бақылау жасайды.

6. Түпкілікті ұйымның міндеті

6.1. Стандартты үлгі түпкі ұйымдардың міндеті:

6.1.1. Осы Бірыңғай Қағиданы негізге ала отырып Қағида жасауға;

6.1.2. Метрологиялық сараптауға берілетін қорытындының шындығын және әділеттігін қамтамасыз етуге;

6.1.3. Мөлшерлі құжаттың (МК) күші бар талаптарға сәйкес стандартты үлгі (СҮ) жұмыстарын жүргізуге;

6.1.4. Мамандықтарына қарай стандартты үлгі (СҮ) хабарларын стандартты үлгілердің бас орталығына (СҮБО) жеткізуге.

7. Түпкі ұйымдардың еркісі

7.1. Стандартты үлгі (СҮ) түпкі ұйымдардың еркі бар:

7.1.1. Өндіріс пен ұйымдардан стандартты үлгі (СҮ) жасау және қолдану жайында өз міндетін атқаруға керекті мәліметті сұрауға және алуға;

7.1.2. Стандартты үлгіні қолдану, өңдеу, өндіру және қорытындылау бағытында жетілдіру үшін ұсыныс беруге;

7.1.3. Стандартты үлгі (СҮ) мәселесін мемлекеттік метрология қызмет ұйымдарымен өзара қатынастыруға;

7.1.4. Өз жұмысын жарнамалауға.